



Good food, Good life

# «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС дербес деректерді өңдеуге қатысты ереже және іске асырылатын оларды қорғау бойынша талаптар туралы мәліметтер



# Nestlé

«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС  
Қазақстан Республикасы, А15Е2У0, Алматы,  
Тимирязев көшесі, 28«В»  
Тел.: +7 (727) 355-3606  
Факс: +7 (727) 355-3605

# По

Principles  
Mandatory

General Use

**Кімге арналған**

«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС қызметкерлеріне, дербес деректер субъектілеріне және мүдделі үшінші тұлғаларға

**Бекітілді:** бас директоры, Максим Щетин

**Бекітілген күні, нұсқасы**

16.01.2023

02-нұсқа

(01.08.2017 01-нұсқаны ауыстырды)

**Танысу үшін**

корпоративтік me@Nestle Интернет-порталында электрондық көшірме түрінде, сондай-ақ түпнұсқада «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС кеңсесінде сақталады

**Авторлық құқық**

Барлық құқық Сосьете Де Продюи Нестле С.А., Веве, Швейцария (CH) компаниясына тиесілі Société des Produits Nestlé S.A., Vevey, Switzerland © 2022, Société des Produits Nestlé S.A

**Дизайн**

Сосьете Де Продюи Нестле С.А., Корпоративтік стиль және дизайн, Веве, Швейцария (CH)  
Société des Produits Nestlé S.A., Corporate Identity & Design, Vevey, Switzerland

# МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР	4
1.1	Құжаттың мақсаты	4
1.2	Қолданылу саласы	4
1.3	Негізгі ұғымдар	4
1.4	Бекіту және қайта қарау	5
2	ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ	5
2.1	Қауіпсіздік	5
2.2	Артық деректерді жинауға рұқсат етілмеушілік	5
2.3	Дербес деректерді сақтау нысаны мен мерзімі	5
2.4	Деректердің өзектілігі	6
2.5	Балалардың дербес деректері	6
2.6	Дербес деректер субъектілері және дербес деректерді өңдеу мақсаттары	7
3	ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ	10
3.1	Компанияның Дербес деректерді өңдеуіне мына жағдайларда рұқсат етіледі:	10
4	ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	10
4.1	Дерекқорлар	10
4.2	Үшінші тұлғаларға өңдеуді тапсыру	11
4.3	Трансшекаралық беру	11
4.4	Жауапты тұлғалар	12
5	ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ. ЖАЛПЫ ШАРТТАР	12
6	ІШКІ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ. ЖЕКЕ ЖАҒДАЙЛАР	12
7	СЫРТҚЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ. ЖЕКЕ ЖАҒДАЙЛАР	13
8	ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ САУАЛДАРЫН ӨНДЕУ	13
	№ 1 ҚОСЫМША	15
	№ 2 ҚОСЫМША	17
	№ 3 ҚОСЫМША	18
	№ 4 ҚОСЫМША	20
	№ 5 ҚОСЫМША	21
	№ 6 ҚОСЫМША	22
	№ 7 ҚОСЫМША	24

# 1 Жалпы қағидалар

## 1.1 Құжаттың мақсаты

«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС-нің дербес деректерді өңдеу жөніндегі Ережесі (бұдан әрі – «**Ереже**») «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС-де (бұдан әрі – «**Компания**») дербес деректерді өңдеуді реттейтін компанияның жергілікті актісі болып табылады.

Nestlé құпиялылық саясаты, Nestlé құпиялылық стандарты, осы Ереже және

Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасы, соның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңы Компаниядағы дербес деректерді өңдеу мен қорғау мәселелерін реттейтін Компанияның жергілікті актілерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

## 1.2 Қолданылу саласы

Ереже ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді қолдануды қоса алғанда, есептеу техникасы құралдарының пайдаланылуымен де, олардың пайдалануынсыз да олардың шеңберінде Дербес деректердің өңделуі іске асырылатын Компанияның барлық үдерістеріне қолданылады.

## 1.3 Негізгі ұғымдар

«Дербес деректердің құпиялылығы»	операторға немесе дербес деректерді алған басқа тұлғаларға арналған субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге де заңды негізсіз алынған дербес деректерді таратуға жол бермеудің міндетті талабы;
«Дербес деректерді өңдеу»	дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;
«Оператор»	дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға;
«Дербес деректер»	Ережеге № 1 қосымшада көрсетілгендерді қоса алғанда, оның көмегімен жеке тұлғаны (дербес деректер субъектісін) сәйкестендіруге болатын кез келген ақпарат;
«Дербес деректер субъектісі», «Субъект»	Ереженің 2-бабының 2.6-тармағына сәйкес алынған дербес деректердің көмегімен тікелей немесе жанама анықталған немесе анықталатын жеке тұлға;
«Дербес деректерді трансшекаралық беру»	дербес деректерді шет мемлекеттің аумағына – шет мемлекеттің органына, шетелдік жеке тұлғаға немесе шетелдік заңды тұлғаға беру;
«Компания», «Оператор» немесе «Жұмыс беруші»	«Нестле Фуд Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

## 1.4 Бекіту және қайта қарау

Ереже Компанияның Бас директоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және жаңа редакциясы қабылданғанға дейін қолданылады.

Компания Ережені қайта қарайды және оны қажеттілікке қарай, бірақ кемінде бес жылда бір рет өзектендіріп отырады, сондай-ақ:

- Компаниядағы дербес деректерді өңдеу қағидаттарын және (немесе) үдерістерін қозғайтын нормативтік базаның өзгертуі кезінде;
- қолданыстағы дербес деректерді өңдеу үдерістеріне өзгерістер енгізу немесе жаңа үдерістерді жасау кезінде.

## 2 Дербес деректерді жинау және өңдеу қағидаттары мен мақсаттары

### 2.1 Қауіпсіздік

Компания дербес деректерді өңдеудің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ өңделген дербес деректердің тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етеді.

Дербес деректерді өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Компания дербес деректерді оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден; дербес деректердің кездейсоқ жойылуынан; өзгертілуінен;

бұғатталуынан; көшірілуінен; берілуінен; таралуынан; сондай-ақ дербес деректерге қатысты басқа да заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті және жеткілікті құқықтық, ұйымдастыру және техникалық шараларды қолданады.

Ерекшелікке Дербес деректер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялануға немесе міндетті түрде ашылуға жататын жағдайлар жатады.

### 2.2 Артық деректерді жинауға рұқсат етілмеушілік

Компания Мақсаттарға (2.6) сәйкес келетін деректерді жинайды, өңдейді және мәлімделген Мақсаттар үшін қажет емес барлық ақпаратты және алынған Дербес деректерді жою үшін ақылға қонымды қадамдар жасайды.

### 2.3 Дербес деректерді сақтау нысаны мен мерзімі

Компания дербес деректерді сақтауды дербес деректер субъектісін анықтауға мүмкіндік беретін **нысанда** және өңдеу Мақсаттарында талап етілгеннен аспайтын **мерзімге** жүзеге асырады.

Басқа сақтау мерзімі мыналармен ескерілуі мүмкін:

- а) дербес деректер субъектісі оның тарапы, пайда алушысы немесе кепілгері болып табылатын шартпен немесе;
- б) *«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 Бұйрығының* немесе сақтау мерзімі туралы шешім қабылданған кезде күшінде болған өзге де нормативтік-құқықтық актінің ескерілуімен қолданыстағы заңнамамен, соның ішінде еңбек қатынастарының талаптары мен қызметкер туралы мәліметтерді қамтитын құжаттарды, дербес мәліметтерді қамтитын Компанияның ішкі құжаттарын сақтауға қатысты.

## 2.4 Деректердің өзектілігі

---

Компания сақталатын Дербес деректердің дәлдігін, толықтығын және өзектілігін қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шараларды қолданады.

Субъектінің барлық Дербес деректері оның өзінен алынуы тиіс.

Егер Субъектінің Дербес деректерін тек үшінші тараптан алуға болатын болса, онда бұл туралы Дербес деректер субъектісі алдын ала хабарландырылуы тиіс және одан жазбаша келісімді алу қажет.

Дербес деректер субъектісіне, егер **оның** Дербес деректері өзгерсе немесе оның Компанияда сақталатын Дербес деректерінде қандай да бір дәлсіздіктер белгілі болса, қызметкерлер құрамымен жұмыс бөлімі арқылы тікелей хабарландыру қажет.

## 2.5 Балалардың дербес деректері

---

Компания кәмелетке толмағандардан дербес деректерді сұрамайды және жинамайды. Егер Компания өзінің дерекқорларында баланың, жасөспірімнің және жасы 18-ге толмаған тұлғаның дербес деректерінің жинақталғанын және сақталатынын анықтаса, Компания оларды дереу жоюға міндеттенеді. Алайда, Компания балалар, жасөспірімдер және жасы 18-ге толмаған тұлғалар туралы Дербес деректерді тікелей олардың ата-аналарынан немесе қамқоршыларынан және баланың тікелей келісімімен жинауға құқылы.

## 2.6 Дербес деректер субъектілері және дербес деректерді өңдеу мақсаттары

---

Компания өзінің негізгі қызметін орындау шеңберінде келесі санаттағы тұлғалардың дербес деректерін келесі мақсаттар аясында өңдейді:

№	Дербес деректер субъектілері тұлғаларының санаттары	Өңдеу мақсаттары
1.	<u>Компания қызметкерлері, соның ішінде бұрынғы қызметкерлер;</u>	<p><u>Компания қызметкерлерінің, соның ішінде еңбек шарты тоқтатылған (бұзылған) бұрынғы қызметкерлердің Дербес деректері келесі мақсаттарда жиналып өңделеді:</u></p> <ul style="list-style-type: none"><li>- қызметкерлер мен жұмыс беруші арасында еңбек қатынастарының туындауына немесе тоқтатылуына негіз болып табылатын еңбек шарттарын жасасу, орындау, сүйемелдеу, өзгерту, бұзу;</li><li>- жұмыс берушінің кадрлық және бухгалтерлік есепті жүргізу, салық есептілігін жасау, еңбекақыны, басқа да сыйақыларды есептеу және төлеу, салықтар мен аударымдарды есептеу және аудару мақсаттарын қоса алғанда жергілікті нормативтік актілерде, еңбек шарттарында, заңнамада ескерілген міндеттемелерді орындауы;</li><li>- қызметкерлерді оқытуға және қызмет бабында көтерілуге жәрдемдесу;</li><li>- қызметкерлердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қызметкерлер орындайтын жұмыстардың мөлшері мен сапасын бақылау, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;</li><li>- жұмыс берушінің есебінен қызметкерлерге қосымша қызметтер көрсету (төлем карталары, сақтандыру, іссапарлар, ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеу, автотұрақ орнымен қамтамасыз ету және т.б.); мемлекеттік статистикалық есеп органдарының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын орындау;</li><li>- иесіздендірілген деректер статистикалық деректерді ұсыну мақсатында жиналады;</li><li>- уәкілетті қызметкер үшін Компанияның электрондық сандық қолтаңбасын алу.</li></ul>

Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің дербес деректері:

---

Қызметкерлердің отбасы мүшелері:

- қызметкерлерге (асырап алған) балалары бар тұлғаларға, отбасылық міндеттері бар тұлғаларға заңнамада ескерілген жеңілдіктер мен кепілдіктерді беру;
- ҚР Еңбек кодексінің қызметкерлердің отбасы мүшелерін ауыр жазатайым оқиғалар немесе өліммен аяқталатын жазатайым оқиғалар туралы хабардар ету жөніндегі талаптарын орындау;
- қызметкерлердің отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру шарттарын жасасу, өзгерту, бұзу;
- мемлекеттік статистикалық есеп органдарының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын орындау;

Компаниядағы бос лауазымдарға үміткерлердің, сондай-ақ Компанияның кадрлар резервіндегі үміткерлердің дербес деректері:

- түйіндемелерді қарау және одан әрі жұмысқа орналастыру үшін бос лауазымдарға үміткерлерді іріктеу;

Бос лауазымдарға орналасуға Ізденушілер мен Ұсыным берушілер (бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерге)

Ұсыным берушілердің дербес деректері:

- ізденушінің тәжірибесі, дағдылары мен жеке қасиеттері туралы ақпарат алу;
- ізденушіден алынған жазбаша ұсынымдарда қамтылған мәліметтер мен деректерді растау, сондай-ақ ізденуші туралы басқа да ақпаратты алу;

2. Контрагенттер – жеке тұлғалар және жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер контрагенттерінің өкілдері (контрагенттердің өкілдері)

- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің шарттық жұмысты реттейтін нормаларын орындау, шарттарды жасасу, өзгерту, бұзу, сондай-ақ жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді орындау;
- Қазақстан Республикасының жергілікті нормативтік актілерінде және (немесе) заңнамасында, соның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу, салық есептілігін жасау мақсатында ескерілген рәсімдер мен әрекеттерді ұстану және (немесе) орындау.

3. Қазақстан аумағында пайдалану құқығы Компанияға тиесілі тауар белгілерімен Өнімдердің түпкілікті тұтынушылары,

- Nestlé өнімдерінің тұтынушылары, Nestlé өнімдері туралы тұтынушылардың пікірлері, атап айтқанда, олардың сапасы туралы ақпарат жинау;
- Nestlé өнімдері туралы ақпаратты тарату мақсатында;
- Компания өткізетін және (немесе) ұйымдастыратын немесе оның тапсырмасымен өткізілетін және (немесе) ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы

Компания



<p><i>ұйымдастыратын және өткізетін немесе оның тапсырмасымен ұйымдастырылатын және (немесе) өткізілетін Nestlé өнімдерін жылжытуға бағытталған жарнамалық және басқа да іс-шараларға қатысушылар</i></p>	<p>хабарлау мақсатында;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Промо-науқандар мен байқауларды өткізу.</li> </ul>
<p>4. <i><u>Медицина</u> <u>Қызметкерлері – Nestlé өнімдері туралы ақпарат алушылар;</u></i></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сапа, тиімділік және қауіпсіздік көрсеткіштері туралы хабардар ету және Nestlé өнімдері туралы басқа да ақпарат беру</li> <li>- кәсіптік пікір және кәсіптік мақсаттағы байланыс түрлері мен дереккөздерінің артықшылығы туралы статистиканы қалыптастыру үшін медицина қызметкерлері туралы деректерді жүйелеу;</li> <li>- РФ-тың аумағында пайдалану құқығы Қоғамға тиесілі тауар белгілерімен таңбаланған өнімдерге медицина қызметкерлерінің көзқарасын зерттеу мақсатында маркетингтік зерттеулер жүргізу;</li> <li>- медицина қызметкерлерін тауар белгілерімен таңбаланған, ҚР аумағындағы пайдалану құқығы Компанияға тиесілі өнімдердің сапасы, тиімділігі және қауіпсіздігі көрсеткіштері туралы дер кезінде хабардар ету, сондай-ақ көрсетілген өнімдер туралы өзге де ақпаратты ұсыну;</li> <li>- Ғылыми-білімдік сипатындағы ақпаратты ұсыну, конференциялар мен зерттеулерге қатысуға шақыру..</li> </ul>
<p>5. <i><u>Компанияның қызметкерлері болып табылмайтын және Субъектілердің тапсырмасы бойынша және атынан Компанияға жүгінетін дербес деректер субъектілерінің өкілдері</u></i></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Компанияның дербес деректер субъектілерінің өкілдерінің тапсырмасы бойынша әрекеттерді орындауы.</li> </ul>
<p>6. <i><u>Компанияның күзетілетін үй-жайларына келушілер;</u></i></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тұрақты рұқсатнамалары жоқ тұлғалардың Компанияның күзетілетін үй-жайларына келіп кету мүмкіндігін қамтамасыз ету.</li> </ul>

- 
7. *Компанияға электрондық пошта, сондай-ақ кері байланыс веб-нысандары арқылы хабарламалар жіберетін Интернеттегі Компанияның веб-сайттарын пайдаланушылар, соның ішінде Компанияның веб-сайттарына кірушілер*
- Компаниямен кері байланыс нысандарын пайдалану, жаңалықтар мен маркетингтік жіберілімдерге жазылу мүмкіндігін беру;
  - веб-сайтқа кірушілерге қатысты: Компанияның қызметі, Компания және оның дистрибьюторлары өндіретін және өткізетін өнімдер, Компания өткізетін және (немесе) ұйымдастыратын немесе оның тапсырмасы бойынша өткізілетін және (немесе) ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы хабардар ету.

### 3 Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздемелері

#### 3.1 Компанияның Дербес деректерді өңдеуіне мына жағдайларда рұқсат етіледі:

- 
- Дербес деректердің келісімі бар болған кезде оның дербес деректерін өңдеу және тарату;
  - Дербес деректер субъектісінің бастамасы бойынша шарт жасасу және Дербес деректер субъектісі тарап немесе пайда алушы болып табылатын шартты орындау үшін; мұндай шарттар болып қызметкерлермен еңбек шарттары, азаматтық-құқықтық сипаттағы контрагенттермен – жеке тұлғалармен шарттар шектеусіз табылады;
  - заңнамада ескерілген мақсаттарға қол жеткізу, сондай-ақ Компанияға заңнамамен жүктелген функцияларды, өкілеттіктер мен міндеттерді жүзеге асыру және орындау үшін;
  - дербес деректер субъектілерінің құқықтары мен бостандықтары бұзылмайтын шартымен Компанияның және/немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру немесе әлеуметтік маңызды мақсаттарға қол жеткізу үшін;
  - дербес деректерді міндетті түрде иеліктен шығару шартымен статистикалық немесе басқа да зерттеу мақсатында.

### 4 Дербес деректерді өңдеу тәртібі мен шарттары

#### 4.1 Дерекқорлар

---

Дербес деректерді жинау кезінде Компания **Қазақстан Республикасының аумағында** орналасқан дерекқорларды пайдалана отыра дербес

деректердің жазылуын, жүйеленуін, жинақталуын, сақталуын, нақтылануын (жаңартылуын, өзгертілуін) және алынуын қамтамасыз етеді.

## 4.2 Үшінші тұлғаларға өңдеуді тапсыру

---

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өңдеу қағидаттары мен ережелерінің сақталуының және дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің міндетті шартымен өз қызметі барысында Дербес деректер субъектілерінің келісімімен дербес деректерді өңдеуді үшінші тұлғаларға тапсырады.

Дербес деректерді өңдеу жөніндегі тапсырмада міндетті түрде дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттердің **тізбесі**, оларды өңдеу **мақсаттары**, мұндай тұлғаның дербес деректердің **күпиялылығын** сақтау және оларды өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеті; дербес деректерді

қорғау талаптары айқындалады (өңдеуді жүзеге асыратын тұлғаға қойылатын қорғау жөніндегі талаптар Компания орындайтын талаптардан жоғары болмауы тиіс).

«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС тапсырмасы бойынша жоғарыда аталған Мақсаттарға қол жеткізу үшін Субъектінің Дербес деректерін өңдеу және (немесе) Субъекттің Дербес деректері кез келген нысанда және кез келген тәсілмен Nestle компаниялар тобының жаһандық деректерді өңдеу жүйелерінде ДД-ні өңдеу үдерістеріне ақпараттық қолдау көрсету мақсатында Германия, 60528, г. Франкфурт-на-Майне, Лионер Штрассе, 23 мекенжайы бойынша орналасқан Nestle GLOBE Center Europe GmbH компаниясына тапсырылып, берілуі мүмкін.

## 4.3 Трансшекаралық беру

---

Компания өз қызметі барысында дербес деректерді автоматты өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы Конвенцияға (Страсбург, 28 қаңтар 1981 ж.) **(Конвенция)** сәйкес осы мемлекеттер дербес деректердің барабар қорғалуын қамтамасыз еткен жағдайда дербес деректерді шет мемлекеттер аумағында заңды тұлғаларға **трансшекаралық беруді іске асырады**. Бұл ретте дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз ету және трансшекаралық беру кезінде олардың дербес деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері Компания үшін басымдық болып табылады, ал олардың шешілуі Қазақстан Республикасының дербес деректер саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге

асырылады. Трансшекаралық беру, өзгесінен басқа, Ресейдің, Еуропалық Одақ елдерінің, Швейцарияның және дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз ететін басқа мемлекеттердің аумағына жүзеге асырылады; Дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етпейтін және Конвенцияға қатысушылар болып табылмайтын шет мемлекеттердің аумағына дербес деректерді трансшекаралық беру тек (1) Дербес деректер субъектісінің оның дербес деректерін трансшекаралық беруге жазбаша келісімі болған; (2) дербес деректер субъектісі қатысушысы болып табылатын және трансшекаралық беру қажеттілігін тікелей ескеретін шартты орындау, (3) сондай-ақ заңда

#### 4.4 Жауапты тұлғалар

Компания дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды тағайындаған. Дербес деректерді өңдеуге тікелей қатысатын Компанияның әрбір жаңа қызметкері Қазақстан Республикасының дербес деректерді өңдеу

және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасының, осы Ереженің және дербес деректерді өңдеу және оларды қорғауға қойылатын талаптардың іске асырылуы мәселелері жөніндегі басқа жергілікті актілермен танысып шығуы тиіс және олардың сақталуына жауап береді.

## 5 Дербес деректерге қол жеткізу. жалпы шарттар

Дербес деректерді беру кезінде Компания келесі талаптарды сақтайды:

- осы Ережеге және Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес Дербес деректердің берілуін іске асырады;
- Дербес деректерді коммерциялық мақсатта ашпайды және Дербес деректер субъектісінің тікелей, соның ішінде жазбаша келісімінсіз таратпайды;
- Дербес деректерді алған тұлғаларға бұл деректер тек олар хабарланған мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін екенін ескертеді және мұндай тұлғалардан осы ереженің сақталғанын растауды талап етуге құқылы.
- Дербес деректерге қолжетімділікті оларға қол жеткізуге өкілеттігі бар тұлғаларға ғана береді, және қол жеткізілген Дербес деректердің көлемі оларды жинау және өңдеу Мақсаттарымен шектелуі тиіс;
- Компания жұмыс беруші ретінде Қызметкердің еңбек функцияларын орындау мүмкіндігіне қатысты ақпаратты қоспағанда, Қызметкердің, Ізденушінің

денсаулық жағдайы туралы ақпаратты сұрамайды;

- Өмір мен денсаулыққа қауіп-қатерді алдын алу мақсатында қажет болған жағдайларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Компания Қызметкерлердің Дербес деректерін Дербес деректер субъектісінің жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа хабарламайды;
- Компания Қызметкерлердің Дербес деректерін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен Қызметкерлердің уәкілетті өкілдеріне беруге және бұл ақпаратты аталған өкілдердің олардың функцияларын орындауы үшін қажетті Қызметкердің Дербес деректерімен ғана шектеуге құқылы.

## 6 Ішкі қол жеткізу. Жеке жағдайлар

Дербес деректерге қол жеткізу еңбек қызметін орындау қажет болған жағдайда және Компания Бұйрығымен, Компанияның ішкі саясаттарымен рұқсат

етілген Компания қызметкерлеріне ғана берілетін болады. Атап айтқанда, мұндай қызметкерлерге (лауазымдары бойынша)

Ережеге № 2 Қосымшада көрсетілген тұлғалар жатады.

Уәкілетті тұлғалар нақты лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті Дербес деректерге ғана қол жеткізуге құқылы

## 7 Сыртқы қол жеткізу. Жеке жағдайлар

Ережеде көрсетілген жалпы жағдайлардан басқа, Компания әр түрлі қызмет салаларында Компанияға қызмет көрсететін келесі ұйымдарға Субъектілердің Дербес деректеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге құқылы:

- аудиторлық және басқа да консалтингтік қызметтерді көрсететін компаниялардың кеңесшілері мен аудиторлары;
- Қызметкерлердің іссапарларын ұйымдастыратын немесе олардың төлқұжаттарын рәсімдейтін компаниялар;
- шеңберінде Дербес деректер жиналатын промо-науқандарды өткізу; интернет-ресурстарды қолдау; онлайн науқандар жүргізу бойынша

- қызметтерді көрсететін, бірақ олармен шектелмейтін агенттіктер;
- сақтандыру компаниялары және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша және/немесе Компаниямен жасалған шарт шеңберінде осыған уәкілеттік берілген басқа да ұйымдар;
  - ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес құқық қорғау органдары.

Кез келген жағдайда, Компания Дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданатын болады және мұндай ұйымдармен берілетін Дербес деректерге қатысты құпиялылық режимін сақтау талабымен шарттар жасалады.

## 8 Дербес деректер субъектілерінің сауалдарын өңдеу

Дербес деректер субъектісі өзінің Дербес деректерін өңдеуге қатысты ақпаратты алу туралы өтінішпен Компанияға жүгінуге құқылы, соның ішінде:

- дербес деректерді өңдеу фактісін растау;
- дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздемелері мен мақсаттары;
- Компанияның атауы мен орналасқан жері, дербес деректерге қол жетімділігі бар немесе Компаниямен жасалған шарт немесе заң негізінде дербес деректер ашылуы мүмкін тұлғалар (Компания қызметкерлерін қоспағанда) туралы мәліметтер;
- дербес деректердің тиісті субъектісіне қатысты өңделетін дербес деректер, оларды алу дереккөзі, егер заңда мұндай дербес деректерді берудің

- басқа тәртібі заңнамада ескерілмеген болса;
- сақтау мерзімін қоса алғанда, дербес деректерді өңдеу мерзімдері;
  - іске асырылып жатқан немесе болжалды дербес деректерді трансшекаралық беру туралы ақпарат;
  - Компанияның тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдеуді іске асыратын тұлғаның атауы немесе аты, әкесінің аты, тегі және мекенжайы, егер өңдеу осындай тұлғаға тапсырылса немесе тапсырылатын болса;
  - «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР заңында немесе дербес деректер саласындағы заңнаманың өзге де талаптарында ескерілген өзге де мәліметтер;

- сондай-ақ егер дербес деректер толық емес, ескірген, анық емес, заңсыз алынған немесе өңдеудің белгіленген мақсаты үшін қажет емес болса, олардың дербес деректерін нақтылау, бұғаттау немесе жою туралы сауалмен жүгінуге, сондай-ақ құқықты қорғау бойынша Қазақстан Республикасының дербес деректер саласындағы заңнамасында ескерілген шараларды қолдану.

Дербес деректерге қатысты сауал салған тұлғаның жеке басын тексеру үшін Компания қажет болған жағдайда жүгінген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарды және басқа да айқындама деректеді сұрауға құқылы.

**Компания қызметкерлерінің телефон немесе факс арқылы дербес деректерді беруге немесе ашуға қатысты сұрақтарға жауап беруге құқығы жоқ, өйткені бұл жағдайда оларға жүгінген тұлғаның жеке басын анықтау мүмкін емес.**

Дербес деректер субъектілерінің сауалдары пошта арқылы «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС Қазақстан Республикасы, А15Е2У0, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 28 «Б» мекенжайына жіберілуі тиіс. Компания Қызметкерлерінің сауалдары тікелей Компанияның Қызметкерлер құрамымен жұмыс істеу бөліміне жіберіледі.

#### *Қосымшалар:*

*№ 1 Қосымша жиналуға және өңделуге жататын дербес деректердің тізбесі (шектелмеген тізбе);*

*№2 Қосымша еңбек қызметіне байланысты дербес деректерге қолжетімділік берілген лауазымдар тізбесі;*

*№3 Қосымша дербес деректерді қамтитын ақпарат тасымалдаушыларын сақтау және жою туралы нұсқаулық*

*№ 4 Қосымша дербес деректерді өңдеумен байланысты қызметкерлер үшін дербес деректерді жарияламау туралы міндеттеме*

*№ 5 Қосымша 3-ші тұлғалар үшін дербес деректерді жарияламау туралы міндеттеме*

*№ 6 Қосымша(1) медицина қызметкерлеріне немесе (2) 3-ші тұлғаларға (контрагенттерді өкілдері) арналған дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің нысаны;*

*№ 7 Қосымша бос орындарға үміткерлер және қызметкерлер үшін дербес деректерін жинауға келісім беру нысаны*

Ереженің мән-мәтінінде Компания қызметкерлерін және бос лауазымдарға ізденушілерді қоса алғанда, Дербес деректер субъектілері туралы Дербес Деректерге қатысты ақпарат шектеусіз төмендегілерді қамтиды:

№	Дербес деректердің атауы
1.	Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі
2.	Жеке сәйкестендіру нөмірі
3.	Атын, әкесінің атын (бар болса), тегін өзгерту туралы мәліметтер
4.	Туылған күні, айы, жылы және туған жері
5.	Ұлты
6.	Туу туралы куәлік (нөмірі, берілген күні, берген орган)
7.	Азаматтығы (бұрынғы азаматтығы), Қазақстан Республикасының азаматтығын алған күні, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған күні
8.	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы, құжат нөмірі, құжаттың берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган
9.	Мекен-жайы, тұрғылықты жері немесе мекендеу жері бойынша тіркелген күні
10.	Байланыс телефондары (жұмыс, үй, ұялы)
11.	Электрондық пошта мекенжайы (жұмыс, жеке)
12.	Қолтаңба (соның ішінде электрондық-сандық (бар болса))
13.	Банк шоты және карта нөмірі
14.	Арнайы тексеру нәтижелері
15.	Сотталғандығының бар болуы (болмауы)
16.	Жұмыста болмағаны туралы мәліметтер (еңбекке уақытша жарамсыздық, еңбек демалыстары, іссапарлар және т.б.)
17.	еңбек қызметі туралы мәліметтер (лауазымының, құрылымдық бөлімшесінің, ұйымының және оның атауының толық көрсетілуімен ағымдағы кезеңдегі еңбек қызметі туралы мәліметтер, жалпы және үздіксіз жұмыс өтілі, мекен-жайы мен телефондары, сондай-ақ басқа ұйымдарда бұрын атқарған лауазымдардың толық атауымен және осы ұйымдардағы жұмыс уақытымен осы ұйымдардың деректемелері), еңбек кітапшасының нөмірі, сериясы және берілген күні (бар болса)
18.	Білімі, біліктілігі және арнайы білімінің немесе арнайы даярлығының бар болуы туралы мәліметтер (дипломның, аттестаттың, куәліктің немесе білім беру мекемесін бітіргені туралы басқа құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні, соның ішінде білім беру мекемесінің атауы мен орналасқан жері, факультеті немесе бөлімшесі, білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі мен мамандығы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, шет тілдерін білуі)
19.	біліктілікті арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер (біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау туралы құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні, білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері, білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі мен мамандығы)
20.	Әскери міндетті тұлғаларды және әскери қызметке шақырылуға жататын тұлғаларды әскери есепке алу туралы мәліметтер (сериясы, нөмірі, берілген күні, әскери билетті

	берген органның атауы, әскери-есептік мамандығы, әскери атағы, есепке қою/шығару туралы мәліметтер)
21.	Отбасылық жағдай туралы мәліметтер (неке жағдайы, неке қию туралы куәліктің мәліметтері, жұбайының некеге тұрғанға дейінгіні қоса алғандағы аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жұбайының жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері, басқа отбасы мүшелерінің, асырауындағы жандардың туысқандық дәрежесі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және туылған күні, балаларының бар болуы және олардың жасы)
22.	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның дауыс беретін акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлестерін, үлеспұлдарды) сатып алуын растайтын шарт немесе шарт жобасы немесе өзге де құжат
23.	Әлеуметтік жеңілдіктер және әлеуметтік мәртебе туралы мәліметтер: жеңілдіктер мен мәртебені тағайындауға негіз болып табылатын құжатты берген уәкілетті органның атауы; құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; мүгедектік себебі, мүгедектік тобы; Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар нәтижесінде задрәп шегушіге жеңілдіктер алу құқығын растайтын куәлік; Аралмаңындағы экологиялық апат салдарынан зардәп шегушіге жеңілдіктер алу құқығын растайтын куәлік
24.	Мүгедектік туралы мәліметтер: мүгедектік санаты, мүгедектік тобының коды, мүгедектік тобы, мүгедектік себебі, анықталған күні, мүгедектікті анықтау мерзімі
25.	Зейнетақы мен жәрдемақы алушылар туралы деректер: төлем коды, алу коды, төлемнің басталу күні, төлемнің аяқталу күні
26.	Лауазымдық жалақы, үстемеақылар, сыйлықақылар, салық және зейнетақы аударымдары туралы мәліметтерді қоса алғанда, жалақы туралы ақпарат
27.	Медициналық қорытындылардың нәтижелері туралы ақпарат

Компанияның жұмыс беруші ретінде Қызметкер мен мемлекеттік органдардың алдында жаңа міндеттемелерді орындау қажеттілігіне қарай, соның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының өзгеруіне байланысты көрсетілген деректер тізбесі мезгіл-мезгіл өзгеріп тұруы мүмкін.



**Компания ішінде дербес деректерге  
қол жеткізу құқығы бар қызметкерлердің тізбесі**

Дербес деректерге қол жеткізу еңбек қызметін орындау қажет болған жағдайда және Компания Бұйрығымен, Компанияның ішкі саясатымен рұқсат етілген Компания қызметкерлеріне ғана беріледі. Атап айтқанда, мұндай қызметкерлер қатарына (лауазымдары бойынша) келесі тұлғалар кіреді:

- Бас директор;
- Қызметкерлер құрамы жөніндегі директор;
- Қызметкерлер құрамы бойынша аға маман;
- Әкімшілік көмекші;
- Қызметкерлер құрамымен жұмыс жөніндегі маман;
- Көлік үйлестірушісі;
- Қаржы директоры;
- Бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімінің басшысы;
- Бас бухгалтер;
- Бас бухгалтердің орынбасары;
- Аға бухгалтер;
- Алғытөлем есептемелерін есепке алу жөніндегі бухгалтер;
- Бизнесі дамыту жөніндегі директор;
- Бас директордың корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары;
- Сауда таңбалары тобының менеджері;
- Сатып алу жөніндегі менеджер;
- Ақпараттық технологиялар және жүйелер жөніндегі менеджер;
- Сатып алу жөніндегі менеджер;
- Сұраныс пен жеткізілімдерді жоспарлау жөніндегі менеджер;
- Клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер;
- Бизнесі дамыту жөніндегі менеджер;
- Санатты сатуларды дамыту жөніндегі менеджер;
- Физикалық тарату жөніндегі менеджер;
- Ұлттық медициналық менеджер;
- Ұлттық сату менеджері;
- Жеткізу тізбектерін басқару департаментінің бастығы;
- Аймақтық оқыту және дамыту менеджері;
- Аймақтық сату менеджері;
- Санатты аймақтық дамыту жөніндегі менеджер;
- Бизнес басшысы, ақпараттық технологиялар және жүйелер жөніндегі маман;
- Аумақтық медициналық менеджер;
- Техникалық реттеу жөніндегі сарапшы;

және Бас директордың шешімімен уәкілеттік берілген басқа да тұлғалар.

**Дербес деректерді қамтитын ақпарат  
тасымалдаушыларын сақтау және жою туралы**

**Дербес деректерді қамтитын ақпарат  
тасымалдаушыларын сақтау және жою туралы  
НҰСҚАУЛЫҚ**

Бұл нұсқаулық Дербес деректер туралы ақпаратты қамтитын тасымалдаушыларды сақтау және жою тәртібін анықтайды.

**1. Жалпы қағидалар**

Дербес деректерді өңдеуді іске асыратын қызметкер функционалдық міндеттеріне дербес деректерді өңдеу кіретін «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС-нің (бұдан әрі – «Компания») уәкілетті қызметкері болып табылады.

Бұл ретте дербес деректер болып осындай ақпарат негізінде анықталған немесе анықталатын дербес деректер субъектісіне қатысты кез келген ақпарат (бұдан әрі – «ДД»), атап айтқанда, келесі деректер танылады: аты, әкесінің аты, тегі; туған жылы, айы, күні және жері; азаматтығы; білімі; отбасы жағдайы және отбасы құрамы; әлеуметтік мәртебе; бұрынғы аты, әкесінің аты және тегі; төлқұжаттық мәліметтер; тіркелген мекенжайы мен нақты тұрғылықты жері; бұрынғы жұмыс орындары; әскери есеп туралы мәліметтер; қызметкердің жеке өмірінің фактілері, оқиғалары мен мән-жайлары туралы мәліметтер; ЖСН; мемлекеттік зейнетақы сақтандыруының сақтандыру куәлігінің нөмірі; банк шоты мен карта нөмірі және т.б.

Дербес деректер субъектісі (бұдан әрі – «ДДС») – дербес деректері өңдеуге жататын жеке тұлға.

Жеке тұлғаның дербес деректері туралы ақпаратты қамтитын ақпарат тасымалдаушы:

**Физикалық тасымалдаушы** – жеке тұлғаның Дербес деректері тиісті бағандарына енгізуге арналған журнал немесе кітап.

**Электрондық/сандық тасымалдаушы** – есептеу техникасы (CD-ROM, DVD-ROM, флэш-жад, иілгіш дискілер) көмегімен өңделетін ақпаратты жазу, сақтау және қайта шығару үшін пайдаланылатын материалдық тасымалдаушы.

ДД-ні жүзеге асыратын қызметкер ДД-ні өңдеу кезінде өзінің еңбек міндеттерін орындау барысында «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының ережелерін және осы Нұсқаулықты біліп, басшылыққа алуы тиіс.

**2. ДД-ні қамтитын тасымалдаушыларды сақтау тәртібі.**

ДД-ні қамтитын физикалық тасымалдаушы құлыпталатын шкафта сақталуы тиіс. Жұмыс уақытында әрдайым жауапты тұлғаның бақылауында болуы тиіс. Жұмыс орнынан кеткен жағдайда құжат құлыпталатын шкафтың ішіне салынуы тиіс.

ДД-ні қамтитын электрондық-сандық тасымалдаушы алынбалы тасымалдаушы болса, құлыпталатын шкафта сақталуы тиіс. Дербес деректерді қамтитын файлдар мен қапшықтар қатты дискілерде сақталуы тиіс, ал қолжетімділік құпия сөзбен шектелуі тиіс. ДД-ні қамтитын файлдар мен қапшықтарды желілік ресурстарда сақтауға жол берілмейді.

### **3. ДД-ні қамтитын тасымалдаушыларды жою тәртібі.**

ДД-ні қамтитын құжаттарды олардың сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін (ҚР заңнамасына сәйкес) бас директордың бұйрығымен бекітілген комиссия жояды.

Физикалық тасымалдаушы оны қалпына келтіруге, оқуға болмайтын дәрежеге дейін механикалық ұнтақтаумен («ұсақтағыш» арқылы) жойылады.

Электрондық-сандық тасымалдаушы Операциялық жүйе ескерген стандартты жою/кетіру арқылы жойылады.

Жеке тұлғаның жазбаша өтініші бойынша ДДС мәліметтерін жоюды/кетіруді комиссия мүшелері кейіннен жеке тұлғаға қабылданған әрекеттер туралы хабардар ете отырып жүзеге асырады.

**№ 4 Қосымша**  
**Дербес деректерді өңдеумен байланысты қызметкерлер үшін**  
**дербес деректерді жарияламау туралы міндеттеме**

**Дербес деректерді өңдеумен байланысты қызметкерлер үшін дербес деректерді**  
**жарияламау туралы**  
**міндеттеме**

Мен, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берілген № \_\_\_\_\_ жеке куәлік

Мен өзімнің еңбек міндеттерімді орындау барысында «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС қызметкерлерінің дербес деректеріне қол жеткізетінімді түсінемін.

Мен сондай-ақ өзімнің міндеттерімді орындау барысында қызметкерлердің дербес деректерін өңдеумен айналысатынымды түсінемін: дербес деректерді жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, тарату (соның ішінде беру), иесіздандыру, бұғаттау, жою.

Мен мұндай ақпараттың жариялануы «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС қызметкерлеріне зиян келтіруі мүмкін екенін түсінемін.

Осыған байланысты, қызметкерлердің дербес деректерімен жұмыс істеу (өңдеу) кезінде «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС қызметкерінің Дербес деректерін қорғау туралы Ереженің барлық талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мен қызметкерлердің дербес деректерін, соның ішінде төмендегілер туралы ақпаратты жарияламауға (құпиялылықты сақтауға) міндеттенемін:

- сауалнамалық-өмірбаяндық мәліметтері;
- білімі, мамандығы;
- қызметкердің еңбек және жалпы өтілі, атқаратын қызметі, жалақысы, еңбек шартының мазмұны;
- отбасының құрамы;
- төлқұжаттық мәліметтер;
- әскери есебі;
- әлеуметтік жеңілдіктері;
- сотталғандығының бар болуы;
- тұрғылықты жері, үй телефоны;
- отбасы мүшелері мен туыстарының жұмыс немесе оқу орны;
- материалдық құндылықтардың болуы туралы декларацияланатын мәліметтердің құрамы;
- салық органына тапсырылатын декларацияның мазмұны;
- жеке құрам бойынша бұйрықтардың түпнұсқалары мен көшірмелері;
- қызметкерлердің жеке істері мен еңбек кітапшалары;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау, оларды аттестаттау, қызметтік тексеру жөніндегі материалдарды қамтитын істер;
- статистика органдарына жіберілетін есептердің көшірмелері.

Мен қызметкердің дербес деректеріне қатысты ақпаратты жариялаған жағдайда немесе оларды жоғалтқан жағдайда ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуым мүмкін екендігі жайлы ескертілдім.

Мен «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС қызметкерінің дербес деректерін қорғау туралы Ережемен және оларды қорғау бойынша міндеттермен танысып шықтым.

\_\_\_\_\_  
(лауазымы)  
жазылуы)

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
(қолтаңбасы, қолтаңбаның толық

**Дербес деректерді жарияламау туралы  
міндеттеме**

Мен, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берілген № \_\_\_\_\_ жеке куәлік

Мен «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС қызметкерлерінің дербес деректеріне қолжетімділікті аламын.

Мен сондай-ақ қызметкерлердің дербес деректерін өңдеуімен айналысатынымды түсінемін: дербес деректерді жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, тарату (соның ішінде беру), иесіздандыру, бұғаттау, жою.

Мен мұндай ақпараттың жариялануы компанияға және «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС қызметкерлеріне зиян келтіруі мүмкін екенін түсінемін.

Осыған байланысты, қызметкерлердің дербес деректерімен жұмыс істеу (өңдеу) кезінде олардың құпиялылығын сақтауға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдануға міндеттенемін.

Мен мен алған қызметкерлердің дербес деректерін, соның ішінде төмендегілер туралы ақпаратты жарияламауға (құпиялылықты сақтауға) міндеттенемін:

- сауалнамалық-өмірбаяндық мәліметтер, төлқұжаттық мәліметтер;
- білімі;
- еңбек және жалпы өтілі;
- отбасының құрамы;
- денсаулық жағдайы;
- әскери есебі;
- қызметкердің жалақысы;
- әлеуметтік жеңілдіктері;
- мамандығы;
- атқаратын қызметі;
- сотталғандығының бар болуы;
- тұрғылықты жері, үй телефоны;
- отбасы мүшелері мен туыстарының жұмыс немесе оқу орны;
- еңбек шартының мазмұны;
- материалдық құндылықтардың болуы туралы декларацияланатын мәліметтердің құрамы;
- салық органына тапсырылатын декларацияның мазмұны;
- жеке құрам бойынша бұйрықтардың түпнұсқалары мен көшірмелері;
- қызметкерлердің жеке істері мен еңбек кітапшалары;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау, оларды аттестаттау, қызметтік тексеру жөніндегі материалдарды қамтитын істер;
- статистика органдарына жіберілетін есептердің көшірмелері.

Мен қызметкердің дербес деректеріне қатысты ақпаратты жариялаған жағдайда немесе оларды жоғалтқан жағдайда сәйкес тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуым мүмкін екендігі жайлы ескерілдім.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
(қолтаңбасы)

**№ 6 Қосымша**

**Үшінші тұлғалар үшін дербес деректерді жинауға келісім беру**  
(медициналық өкілдерді қоса алғанда)

**«Нестле Фуд Қазақстан»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне  
Қазақстан, Алматы қ., 050040,  
Тимирязев көш., 28«В»**

Кімнен \_\_\_\_\_  
(аты, әкесінің аты, тегі)  
\_\_\_\_\_  
(лауазымы, жұмыс орны)  
\_\_\_\_\_  
(мобильді телефоны)  
\_\_\_\_\_  
(электрондық мекенжайы)

**Дербес деректерді жинауға және өңдеуге  
КЕЛІСІМ**

Мен, \_\_\_\_\_  
(ДД Субъектісінің аты, әкесінің аты, тегі, ЖСН)

(бұдан әрі – «ДД субъектісі») «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының (мезгіл-мезгіл енгізілуі мүмкін өзгерістер мен толықтырулармен) (бұдан әрі – «Заң») 8-бабына сәйкес өз еркімен және өз мүддем үшін еркін түрде «Нестле Фуд Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050040, Бостандық ауданы), Тимирязев көшесі, 28 «В»-үй; БСН 040740000547) менің дербес деректерімді өңдеуге (бұдан әрі – «ДД»), атап айтқанда, Заңның 1-бабының 12) тармағында ескерілген әрекеттерді орындауға төмендегі шарттармен келісімімді беремін.

(1) Бұл келісім Серіктестіктің барлық ашық, қолжетімді және көпшілік дереккөздерден ақпаратты жинауға және мен туралы кез келген ақпаратты, соның ішінде электрондық, қағаз және кез келген басқа тасымалдаушыда жазылған менің дербес деректерімді, сонымен қатар болашақта оларда болатын өзгерістер мен толықтыруларды өңдеуіне қатысты беріледі.

(2) Өңдеуге осы келісім ДД Субъектісінің келесі ДД-ге қатысты беріледі:

- аты, әкесінің аты, тегі;
- ЖСН;
- ДД субъектісі жұмыс істейтін ұйымның және құрылымдық бөлімшенің атауы;
- ДД субъектісінің лауазымы туралы мәліметтер;
- байланыс деректері (электрондық пошта мекенжайы, мобильді телефон нөмірі);
- осы Келісімнің (1) тармағына сәйкес өзге ақпарат.

(3) Өңдеуге осы келісім ДД субъектісінің ДД-ні өңдеудің аралас әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылатын келесі әрекеттерге қатысты беріледі:

- жинау, есепке алу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), иесіздендіру, бұғаттау, кетіру және жою;
- Ресей, Германия, Швейцария және дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз ететін басқа мемлекеттердің аумағына трансшекаралық беру;
- ДД-ні өңдеуді Оператор Оператор жасасқан шарттар негізінде әрекет ететін үшінші тұлғаларға сеніп тапсыруы және (немесе) ДД оларға берілуі мүмкін.

**(МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚАЛДЫРЫЛСЫН)** (4) Бұл келісім келесі ДД Субъектісінің Дербес деректерін келесі мақсаттарда өңдеу үшін беріледі:

- медицина қызметкерлерін тауар белгілерімен таңбаланған, пайдалану құқығы Нестлеге тиесілі өнімдердің сапасы, тиімділігі және қауіпсіздігі көрсеткіштері туралы дер кезінде хабардар ету, сондай-ақ көрсетілген өнімдер туралы өзге де ақпаратты ұсыну.

ДД субъектісінің мүдделерін қозғайтын шешімдер Оператордың ДД тек автоматтандырылған өңдеуі негізінде қабылданбайды.

«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС тасырмасы бойынша жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін ДД субъектісінің Дербес деректерін өңдеу және келесі тұлғаларға тапсырылуы және (немесе) ДД субъектісінің ДД оларға кез келген нысанда және кез келген жолмен берілуі мүмкін:

- Германия, 60528, Франкфурт-на-Майне, Лионер Штрассе, 23 мекенжайы бойынша орналасқан “Nestle GLOBE Center Europe GmbH”;
- Ресей Федерациясы, 115054, Мәскеу қ., Павелецкий алаңы, 1-құр. мекенжайы бойынша орналасқан «Нестле Россия» ЖШҚ

ДД өңдеу үдерістерін Nestle компаниялар тобының жаһандық деректерді өңдеу жүйелерінде ақпараттық қолдау көрсету мақсатында.

Бұл келісім оған қол қойылған күннен бастап жазбаша түрде қайтарып алынған күнге дейін әрекет етеді. Бұл келісімді ДД субъектісі Операторға ДД субъектісінің Дербес деректерін өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алуы туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы кері қайтарып алуы мүмкін.

Әрекет ету мерзімі: төменде көрсетілген алу күнінен бастап бес жыл немесе ДД субъектісі осындай келісімді қайтарып алған күнге дейін.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ ж.

/ \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
(ЖСН) (толық аты-жөні) (Қолтаңбасы)

№ 7 Қосымша

**Бос орындарға үміткерлер және қызметкерлер үшін  
дербес деректерін жинауға келісім беру**

**«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС**

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050040,  
Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 28 «В»

БСН 040740000547

Осымен мен,

аты, әкесінің аты (қолданылатын болса), тегі
туылған күні, туған жері
тіркеу орны
жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні
ЖСН
байланыс телефон нөмірі

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына (мезгіл-мезгіл енгізілуі мүмкін өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес, «Нестле Фуд Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050040, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 28 «В»); БСН 040740000547) (бұдан әрі «**Серіктестік**») төмендегілерге сөзсіз келісімді беремін:

1. Серіктестіктің барлық ашық, қолжетімді және көпшілік дерекөздерден менің дербес деректерімді қоса алғанда, мен туралы кез келген ақпаратты, соның ішінде электрондық, қағаз және кез келген басқа тасымалдаушыда жазылған биометриялық деректерді, сондай-ақ болашақта оларда болатын өзгерістер мен толықтыруларды (бұдан әрі – «**Ақпарат**») жинап өңдеуіне;
2. Серіктестікпен кез келген құқықтық қатынастардың туындауына байланысты, соның ішінде болашақта Серіктестіктің өз қалауы бойынша жинау, есепке алу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, уәкілетті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ Нестле компаниялар тобының үлестес қатысушыларына беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу) дербес деректер субъектілерінің құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз ететін елдерге трансшекаралық беру, дербес деректерді иесіздендіру, бұғаттау, кетіру, жою; Серіктестік мәлімдеген оның жинау мақсаттарынан шықпайтын жағдайларда Серіктестіктің Ақпаратты таратуы; Серіктестіктің Ақпаратқа қол жеткізу шарттарын өз бетімен анықтауы; Серіктестікпен құқықтық қатынастарды тоқтатқаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзім ішінде Серіктестіктің Ақпаратты кез келген тасымалдаушыда сақтау сияқты әрекеттерді қоса алғанда, бірақ олармен шеткелмей,



Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әрекеттерді жүзеге асыруы үшін.

Серіктестіктің Ақпаратқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуі үшін Серіктестікке тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, Серіктестікке берілген Ақпаратқа енгізілген кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы жазбаша түрде Серіктестікке бір жұмыс күні ішінде хабарлауға; Серіктестікпен қандай да бір құқықтық қатынастар болған жағдайда, мұндай құқықтық қатынастардың әрекет ету мерзімі ішінде, осы келісімді қайтарып алмауға және осындай құқықтық қатынастар тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген Серіктестіктің Ақпаратты сақтау мерзімдері ішінде Серіктестікке Ақпаратты жоюға қатысты талаптарды қоймауға **МІНДЕТТЕНЕМІН**.

Серіктестіктің мемлекеттік тіркеу мекенжайы бойынша Серіктестікке жазбаша арыз жіберу арқылы дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген осы Келісімді кез келген уақытта кері қайтарып алуға **ҚҰҚЫЛЫМЫН**.

Осы келісімнің орнатылған азаматтық-құқықтық және өзге де құқықтық қатынастардың бүкіл мерзімі ішінде әрекет ететінін және Серіктестікпен бар және/немесе осы келісімді беру кезінде туындайтын барлық қатынастарға, сондай-ақ болашақта туындайтын кез келген басқа қатынастарға қолданылатынын **РАСТАЙМЫН**.

---

аты, әкесінің аты (қолданылатын болса), тегі

---

өз қолтаңбасы

күні